деп санын соғып қайтты. Сөйтіп, Күйіктен зорға құтылғаным бар, - деп Райымбек шаршаған жұртты бір көтеріп тастады.

Арыстанбек бай жылқысын түбекке өткізіп жіберіп, бергі ауызға қалың елді жағалай қондырып тастаған екен. Жоқшылар сонда да қамыс ішінен жол тауып, мал үстінен бір-ақ шықты. Жылқышылар қосындағы сегіз адам да ат үстінде. "Қапта, қапта, ұрып таста", - деп ұмтылған барымташыларға олар да "қайт, қайт" деп ақыра қарсы шыққан. Майекең жігіттері екі топқа бөлініп, он шақтысы қаптай жайылған қалың жылқының дір жағынан шығып бері қарай жосылта қуды да, қалғандары қуғыншылармен сайысып кетті.

Алғашқы айтыста-ақ жылқышылардың үш-төрт жігіті аттан түсіп қалған, бірақ мал бермек оңай ма, қарсыласып жан-дәрмен қалар емес. Әсіресе қатты қимыл жасап, қолындағы ұзын шоқпарды ұршықша иіріп, денесіне сойыл дарытпай жүрген Сапалай. Келесі бір қайырылымда Райымбекпен бетпе-бет кездесіп қалған. Бір-біріне аяусыз сілтенген қос шоқпар құлақты жара шақ-шұқ ете сатырлап шашылған мидай бастары быт-шыт боп қалды да, екі алып таяқ сабаласқа көшті. Сан қақтығыста әккі болған екеуі де тобық, тізе сияқты осал тұстарды меңзей ұрысады. Сапалай бір қолымен таяқ сілтеп, екінші қолымен қанжығадағы қыл арқанын шешіп те үлгерген, арқанды бір айналдырып жіберіп Райымбекке тұзақ тастады. Оның қимылын қалтқысыз баққан Райымбек атының бауырына жабыса кетті де қыл арқан ердің басын қауып сымдай тартыла қалды. Ес жиып үлгерген Райымбек Сапалайды шынтақтан қағып өтіп, ес жиғызбай құлақ шекеден тағы да салып-салып жібергенде, бетаузын қан жуып аттан тымақтай ұшты.

Арыстанбектің жылқышыларын тегіс қолға түсіріп, қол аяқтарын байлап, жылқы ішіне қосып айдаған жоқшылар байдың ордасын жапыра жөңкіліп өткен. Тек шеткері тігілген Салиқа бейбіше мен Күміс келіншектің үйі ғана жығылмай қалды. Кермедегі атына дейін кек алушылардың қолында кеткен бай ауылдан бірде-бір қуғыншы шыға алмады.

Ауылдан ұзаңқырап кеткенде барып өрекпіген жігіттерді Майекең зорға тоқтатты.

- Жігіттер! - деген. Кеудесіне нан піскен, құдайын ұмытып жұрттың көз жасынан да қорықпаған Арыстанбекке ел барып, намыс қуа білер жігіт барын таныттық. Ал біз малды сыпыра қуып, базарға салар ұры емеспіз. Жүруге жарағанын ғана айдаңдар да, кедей-кепшіктің бірен-саранын бөліп тастап кетіңдер. Олар өздері де белгілі ғой, ат болса - ыңыршығы шыққаны, бие болса - бетіңе жәутеңдегені, артына қарайлағаны. Арыстанбекте кегің болғанымен, кедей кепшікте өшіміз жоқ!

Топ-тобымен әр жерге ірке тастаған жылқының қарасы үшінші күні ептеп сұйылайын дегенде, жігіттер де тыныс алып, мал ішінен таңдап семіз байтал сойды да сейіл жасады. Жеті жүз тұяқтың желік буы қойсын ба, өңкей ығай мен сығай, жүйрігі мен жорғасы, мама биелер көздің жауын алғандай. Олжалы қайтқан жігіттердің көңілі көк тірегенмен, Майекең қалың ойда еді. Ол ой мынау жылқының бойға сияр-сыймастығы да емес, ел қамының ертеңі күпті қылып көмейге тығылып, булыққан әлдебір сарынның ішқұса бұлқынысы болатын...

Бір жеті өткен соң Күміс келіншектің сәлемін алып жалғыз атты жолаушы келді. Жер болған Арыстанбек беті шыдамай осы жігіттен бітім сұрата жіберіпті. Күміс келіншек сәлемінде: ұзатылғанда мініп келген тұмарлы қоңыр жорғам кетті, қайнағамның бел басары, жауырлау күрең төбелі кетті. Майекең соны байқар, байқар да қайтарар депті. Майекең Күмістің сәлемін екі еткен жоқ. Бірақ екі рулы елді әуре-сарсаңға салған дау-шар жаз өте зорға тынышты деген сөз бар.

Онан кейін де қанша сабылыс, қанша шабыстың болғанын бір құдайдың өзі білсін. Кері кеткен заманның кепкен сойылының сартылып, жалғызын, жампозын жоқтаған аңыраған ананың күрсінісін еске салар Майекең тартыпты дей тұғын бір күйдің домбыра көмейінде қалғаны рас.